

Генералдың туған жеріне іссапар!

Ел алдындағы Ш.Қ.Қабылбаевтың қызметін және оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге қосқан үлесін ескере отырып, 2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 Қаулысымен және ол жөнінде мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясына Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың құрметті есімі берілгені мәлім.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (ІІ рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, бүкіл совет одағына үлкен абыройлы мақтанышымыз Ш.Қабылбаевтың өмірімен қызмет жолдарын, құнды мағлұматтар мен ақпараттарды жинақтау барысында Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласына іссапарға аттандым.

2015 жылғы наурыз айының 17-сі сәрсенбінің сәтінде, тұңғыш генералдың туған жеріне бардым. Бәрімізге мәлім, Семей өңірі қазақтың ұлы ақыны Абайдың, философ – ойшыл Шәкәрімнің, әдебиет майталманы М.Әуезовтің туып өскен жері.

Сапарымды Ш.Қабылбаевтың немере (шөбере) інісі Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, үлгілі ата, өнегелі әке Мұсайымов Ғабиден Мұсайынұлының үйінен бастадым. Жасы сексенге таянған ақсақал Ш. Қабылбаев туралы сыр шерте бастады. Тұңғыш генералымыз жас кезінен еңбекқор, білімге құштар, адал, туыстарының арасында өте абыройлы және қарапайым болған. Бұл кісінің дүниетанымы бойынша генералдың қабілет-қорымы, оның алғашқы білімінің негізінде өлшегенін, ірі педагог болғандығын, министр болып тағайындалғанан кейін өзінің қызмет атқару барысында ішкі істер буынының барлық саласына үлкеннен көреген үлесін қосқан.

Ш. Қабылбаевтың елге қызмет жасаған уақытындағы бір болған оқиға, қартияның жүрегінде қалған. Бұл оқиғада Генерал Алматы қаласын үлкен апаттан сақтап қалған екен. Дәлірек айтқанда, 1957 жылы Қапшағай су қоймасының көктемгі маусымында арнасынан асып бүкіл қалаға қауіп төңгенде, өзінің ұшқыр тапқырлығымен, іскерлігінің арқасында екі күн ішінде Ресей елінің Новосибир қаласынан су соратын техниканы алдыртып, Алматы қаласын үлкен шығыннан алып қалған. Сонымен қатар Ш. Қабылбаев өзі қызмет атқарған жылдары Республиканың Ішкі істер органына кәсіби кадрларды даярлау мақсатында, Қарағанды қаласында, Алматы қалаларында мектептер ашу үшін талмай күш салған.

Әңгіменің соңында, Ғабиден Мұсайынов өзінің өмір жолында Шырақбектей ұлы адаммен таныс болғанын мақтанышпен айтады. Әңгіме тілдесу барысында Шырақбек ағамыздан көп үлгі, өнеге алғандығын айтады.

Сонымен қатар тілдесу аясында қарт қария көптеген қызықты деген оқиғаларды есіне түсірді. Бұл сұхбат мен үшін бір керемет әсер қалдырды.

Іссапар барысында Семей қаласы ІБ бастығымен және Семей қаласының тұрғынымен генерал туралы көп мағлұмат алдым. Сонымен қатар Ауыл мектебін кейін, Семей қаласындағы педтехникумына түсіп, оқуын 1931 жылы ойдағыдай бітірген. Аталған педтехникумға барып, олардың басшыларымен кездесіп, сол жерде 2010 жылдан бастап директор болып жұмыс істеп жүрген, Жанаев Шағанкүл Алдамшарқызымен әңгімелестім. Жанаев Шағанкүл Алдамшарқызы Шырақбек Қабылбайұлының 110 жылдық мерейтойына орай, колледжде жеке мұражай ашылған. Аталған колледжде Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, Шәкәрім Кенжетайұлы атты ұлы тұлғалардың өмірбаянымен таныстым.

Шырақбек Қабылбайұлы оқу орнына институт деңгейінде білім беретін басқа оқу орындарына қарағанда ең үздік оқу орны деп атаған.

Қайрат Мұсайынов Шырақбек ағамыздың шөбере інісі болып келеді. Ол Семей қаласының ІБ бастығының орынбасары полиция полковнигі болып қызмет атқарады. Сұхбаттасу барысында Қ.Мұсайынов 5 жасқа толғанда Ш.Қабылбаевпен суретке түскен екен. Оның айтуынша: «Бұл кісі атамыздан берілген қасиет болса керек, мен бұл салада жұмыс жасаймын деп ойламадым», - деп ағынан жарылды.

Шырақбек Қабылбайұлының туған өлкесіне іссапарымызда туған жері Ыбыралы ауылына бардым. Онда Ыбыралы ауылдық әкім Қапасов Сағынғали Аманғалимен және де осы өңірдің ауылдық полиция бастығы полиция полковнигі Қарамурзен Төлеш Ануарбекұлымен тілдесіп, Шырақбек аға жайында көптеген мағлұматтар алдым.

Зейнеткер кісі Ғабиден Мұсайын Ш.Қабылбайұлы жайында өзінің бар білгенін, яғни Алматы қаласында оқып, Шырақбек ағамыздың ақылын алып, сол кісі салған сара жолды ұстанып еңбегімен көптеген жетістіктерге жеткені жайында айтып кетті.

Шырақбек Қабылбайұлының өңіріне іссапар барысында мен білім орталығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бастықтары Амангазин Ардақ, Марат Серікғалиұлы, Құрманбай деген ұлы тұлғалармен тілдесіп, көптеген мағлұматтар алдым. Сол айтылған оқиғалардың бірі: «1973 жылы Қазақстан Республикасы Алматы облысының ІБ бастығы Тасболатовты Д.А.Қонаевтың көмекшісі шақыртады. Бұл кісі барғанда Қонаевтың бөлмесінен Шырақбек Қабылбаевты көреді. Алаңдап тұрған Тасболатовты көрген Ш.Қабылбаев: «Қорықпа, сен болашақта министр боласың!» - деп, айтады.

Үш күнге созылған іссапарда тарихқа үңіліп кеткендей сезіндім.

Даутхан Қайшантаев
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев
атындағы Қостанай академиясы
әскери және тактикалық арнайы
кафедрасының доценті
полиция полковнигі

